**2008 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы**

Қарағанды облыстық мәслихатының IV сессиясының 2008 жылғы 15 ақпандағы N 71 шешімі. Қарағанды облысының әділет Департаментінде 2008 жылғы 20 ақпанда N 1841 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 2 тармақшасына және 5 тармағына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің 462 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 09 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-бабына және "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының базалық және шекті ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1314 қаулысына және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1314 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 65 қаулысына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2008 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың өнеркәсіп, құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясы (М.А. Перзадаев) мен облыс әкімінің орынбасарына (М.Х. Мұсатаев) жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы Ж. Таласпеков*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы Б. Жұмабеков*

КЕЛІСІЛДІ:

("Қоршаған ортаны қорғауда эмиссия үшін 2008 жылға арналған төлем мөлшері жөнінде" облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 15 ақпандағы IV сессиясының N 71 шешіміне)

*Экономика және бюджеттік жоспарлау Департаментінің директоры Р. Оразғұлов*

15 ақпан 2008 жыл

*Қарағанды облысы бойынша Салық комитетінің төрағасы Ш. Байбеков*

15 ақпан 2008 жыл

*Қоршаған ортаны қорғау Басқармасының бастығы Б. Смагулов*

15 ақпан 2008 жыл

*Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының бастығы А. Яковлев*

15 ақпан 2008 жыл

Қарағанды облыстық мәслихатының 2008 жылғы 15 ақпандағы IV сессиясының N 71 шешіміне қосымша

2008 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары:

| Р/с N | Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | Қалдықтардың қауіптілік деңгейі | Төлемақы ставкалары (теңге ) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Ластаушы заттардың тұрақты көздерден шығарындылары [1] | шартты тонна | | 650 |
| 2. | Ластаушы заттардың қозғалмалы көздерден шығарындылары: | | | |
| | - этилденбеген бензин үшін | Пайдаланылған отынның тоннасы ( бұдан әрі - тонна) | | 700 |
| | - дизель отыны үшін | | | 523 |
| | - сұйылтылған, сығылған газ үшін | | | 285 |
| 3. | Ластаушы заттардың төгінділері: | | | |
| | - су көздеріне [2] | шартты тонна | | 35000 |
| | жинақтауыштарға, сүзу алаңдарына, | | | 16000 |
| | жер бедеріне | | | 21000 |
| 4. | Коммуналдық (қатты тұрмыстық) қалдықтар [3] | тонна | | 228 |
| 5. | Өнеркәсіптік қалдықтар: | | | |
| | өндіріс пен тұтынудың қауіпті қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастыру | тонна | "қызыл" тізім | 8332 |
| | | | "янтарь" тізім | 4166 |
| | | | "жасыл" тізім | 1042 |
| | | | Жіктелмегендер | 521 |
| | Бұдан басқа: | | | |
| | аршынды жыныстар [4] | тонна | | 10,7 |
| | шлактары, шламдары, байыту қалдықтары [4] | | | 109 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | күл мен күлшлактар [4] | | | 100 |
| | ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары | | | 130 |
| 6. | Радиоактивті қалдықтар: | | | |
| | - трансуранды қалдықтар | Гигабеккерель | | 442,1 |
| | - альфа-радиоактивті қалдықтар | | | 221 |
| | - бета-радиоактивті қалдықтар | | | 22,1 |
| | - шынақты радиоактивті көздер | | | 221 |
| 7. | Заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластаушы заттардың шығарындылары | шартты тонна | | 55020 |

Ескертпе:

1) ISO 14001:2004 халықаралық стандарттарына сәйкес сертификатталған кәсіпорындары үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

[1] 0,75 коэффициенті;

[4] 0,75 коэффициенті;

2) халыққа коммуналдық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын кәсіпорындар үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

[1] 0,3 коэффициенті;

[2] 0,43 коэффициенті;

[4] 0,25 коэффициенті;

3) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін халықтан құрылған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

[3] 0,2 коэффициенті;

4) кәсіпорындар төлемақы ставкалары бір мезгілде ескертпенің 1) және 2) тармақшаларына жатқызылған жағдайда ескертпенің 2) тармақшасының коэффициенттерін қолданған жөн.

5) қоршаған ортаға белгіленген нормативтерден эмиссия артқан жағдайда белгіленген коэффициентер есебінсіз он есе төлем төленеді (соның ішінде залалы бойынша).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК